

**Қазақ және түрік тілдеріндегі жүрек-қантамырлар атауларына қатысты тұрақты тіркестер**

**К.М. Тұрғанбаева**

[kymbat-9697@bk.ru](mailto:kymbat-9697@bk.ru)

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*  
Қазақ және түрік тілдеріндегі жүрек-қантамырлар жүйесі атауларына қатысты тұрақты тіркестер

Қазіргі таңда қазақ әдеби тіліндегі сөздердің жалпы қолданысы аясында түрлі мәселелер кездесіп жүр. Бұған тілдік қор, тілдік құрамдағы сөздердің қалыптасуы ықпал ететіні айқын. Нақтырақ айтсақ, фразеология фразалық тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерге бөлінеді. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді (көре алмау – қызғану; іші күйу – өкіну, т.б.).

Жалпы жүрек-қантамырлар жүйесі атаулары бойынша жүргізілген талдаулар нәтижесінде табылған фразеологиялық тіркестерді ғалым Г.Смағұлованың еңбектеріне сүйеніп, 13 мағыналық топқа бөліп қарауға болады: адамның жағымды, жағымсыз қимыл-әрекеттеріне негізделген, сезім әрекеттеріне қатысты жасалған, адамның физикалық қалпын бейнелейтін, адамның сөйлеу дағдысы түрлерін сипаттайтын, адамның жеке басына тән қасиеттері туралы жасалған, адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайы, орны, тұрмысы туралы айтылатын, адамның сыртқы түр-әлпеті, жас мөлшері жөнінде қалыптасқан, уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген, киім, тамақ, денсаулыққа байланысты туған, табиғат құбылыстары, ауа райына қатысты жасалған, тілек-бата, ырым, садақаға байланысты айтылатын, еңбек, өмір, тағдыр, дүние туралы айтылатын мағыналас тіркестер [4, 72]. Соның ішіндегі фразеологизмдердің 7мағыналас, тақырыптық түрлері бойынша қазақ тіліндегі 14 тұрақты тіркесті қарастырайық. Біз зерттеу барысында кездескен 14 фразеологизмді осы мақалада түрік тіліндегі тұрақты тіркестермен салыстыруды жөн көрдік.

1.Қолқа салды (етті, қылды) [Адамның жағымды, жағымсыз қимыл-әрекеттеріне негізделген] – қимас, қымбатты затын қалады, сұрады [2, 345]

2.Алпыс екі тамыры босады (иіді, қаңсыды) [Сезім әрекеттері] – елжіреп, мейірі түсті, емірене сүйсінді; жүйе-жүйесі босады [1, 47]

Мысалы: Тоқсан келді есіліп, Екі аяғын көсіліп, Алпыс екі тамырдың Бәрі бірдей шешіліп (Шешендік сөздер). Алпысекі тамыры босап, ырқына көнген кезде, сұраған жерінді бере қояды. Тек сөйлесе біл (С.Төлешов).

Аяз қысса мүйізді,

Мүйіз қысып тұқылды.

Қаталаса тұқымың,

Алпыс екі тамырың

Қаңсып қалған сықылды (Д.Бабатайұлы).

3.Айтсам, аузыма қара қан толсын [Адамның сөйлеу дағдысының түрлері] – тіс жарып, ләм-мим дегенім жоқ, сырды ешкімге жайғаным жоқ дегенді білдіретін қорғану сөзі [1, 27]

4.Аузы-басы қан болды [адамның жағымды, жағымсыз қимыл-әрекеттеріне негізделген] – таяқ жеді [1, 81]

5.Аузынан қара қан ағызды [Адамның сөйлеу дағдысының түрлері] – бұл жерде ақын былапыт көп сөйлеуді айтып отыр [1, 84]

Мысалы: Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза қуаты артында болғаны. Егерде аузынан қара қан ағызса, домбыт мақтаншақ, яки қорқақ (Абай).

6.Қан жұтты [Сезім жағдайы немесе жоғары эмоциялы] – құса болды, қатты қайғырды [1, 408]

7.Қасық қан қалғанша [Уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген] – жан-тәнін аямай, ақырғы демі біткенше, өмірінің ең ақырғы сағатына дейін [2, 335]

8.Аузыма қан толсын (құм құйылсын) [Адамның сөйлеу дағдысының түрлері] – қ а р ғ ы с. Ештеңе айтқаным жоқ деген мағынада айтылады [1, 82]

Мысалы: - Не дейді осы? Мен ақша сұрайды, - деп бүлдіріп жүрмісің әлде? Шыныңды айт! – деді Аман Таймасқа. Аузыма қан толсын, ондай бірдеме десем, - деп Таймас қарғанды (Ғ.Мұстафин).

9.Аузыңа қара қан толғыр \* аузыңнан қара қаның келгір \* аузың қарылғыр! [тілек-бата, ырым, садақаға байланысты айтылатын] – қ а р ғ ы с. Аузың қан болғыр, қан жалағыр деген мағынада айтылады [1, 87]

Мысалы: Айтып тұрған жорамалын қарашы. Мына аузыңа қара қан толғырдың! («Қаз.ертегі.»). Аузыңнан қара қан келгір, жүгірмек, мойныңды үзейін бе, мойның үзілгір, екінші осындай сөз айтасың ба, көктей солғырдың тумай жатып, аузынан шыққан сөзін қара (Ауызекі тіл).

10.Асау жүрек [сезім жағдайы немесе жоғары эмоциялы] – ақын бұл жерде сезімтал, тосырқау-жатырқауы көп, үркек жас көңілді айтып отыр [1, 65]

Мысалы: Асау жүрек қайнамай, Жуасыр ма еді кезінде? Елден бір жақсы сайламай, Бармас па ем ерге өзім де? (Абай).

11. Жүрегі жарылды; жүрегі жарыла жаздады [сезім жағдайы немесе жоғары эмоциялы] – қатты қуанды, көңілденді [2, 215]

12. Жүректі дерт алды [сезім жағдайы немесе жоғары эмоциялы] – күйік шалды; қайғыланды, қапаланды [2, 217]

13. Арыстан жүректі [адамның жеке басына тән қасиеттері туралы] – қаймықпайтын, тайсалмайтын, өжет (Абай тілі сөздігі) [1, 64]

Мысалы: Кәркиден пілдей қуатты, Тағы арыстан жүректі, Аплатон, Сократ ақылды, Қаһарман, Ғали білекті (Абай).

14.Жүрек сыры [адамның жеке басына тән қасиеттері туралы] – көңілдегі бар арман, құпия [2, 217]

1. Kan ağlamak – bir zulümden, bir afetten, bir sıkıntıdan büyük üzüntü duyup çok yakınmak [3, 761]

2. Kan akıtmak – bir kurban hayvanı ya da bir horoz kesmek [3, 762]

3. Kan alacak damarı bilmek – nereden ya da kimden çıkar sağlanabileceğini bilmek [3, 762]

4. Kanı bozuk – soysuz [3, 763]

5. Kanını kurutmak – pek çok eziyet vermek [3, 763]

6. Kan kusmak – çok eziyet çekmek [3, 764]

7. Yüreği ağzına gelmek – birdenbire çok korkmak [3, 954]

8. Yüreği cız etmek (cızlamak) – ansızın içi sızlamak [3, 954]

9. Yüreği dayanmamak – iğinde katlanılamaz bir acı duymak [3, 954]

10. Yüreği çarpmak – çok heyecanlanma dolayısıyla yüreği hızlı hızlı çalışmak [3, 954]

11. Yüreği kabarmak – 1) İçi sıkıntı ile dolup derinsolukalma gereğini duymak [3, 955]

2) Midesi bulanmak [3, 955]

12. Yüreği kalkmak – korkup heyecanlanmak [3, 955]

13. Yüreği kararmak – içine karamsarlık ve sıkıntı çökme [3, 955]

14. Yüreği (ciğeri) parçalanmak (parça parça olmak) – birinin üzücü durumuna pek çok acımak [3, 956]

15. Yüreği serinlemek – üzüntüsü hafiflemek [3, 956]

16. Yüreği soğumak – düşmanının bir felekete uğramasıyla ya da ondan öç alarak içi ferahlamak [3, 956]


17. Yüreği yanmak – 1) Büyük bir felakete uğramak [3, 956]

2) Pek çok acımak [3, 956]

18. Yüreği yaralı – acısı geçmemiş büyük bir üzüntüsü bulunan [3, 956]

19. Kalbine göre – başkasına karşı beslediği duygulara göre [3, 759]

20. Kalbini açmak – duygularını, düşüncelerini söylemek [3, 759]  
 21. Kalbini kırmak – birini küstürecek, kendisinden soğutacak kadar çok gücendirmek, üzmek [3, 759]  
 22. Kalbi olmamak – acıması olmamak, merhametsizolmak[3, 759]



Қорытындылай келе, жүрек-қантамырлар жүйесі атауларына қатысты тұрақты тіркестердің басым бөлігін (47%) қан атауына қатысты фразеологизмдер қамтиды. Ал 33%-ы жүрек атауына байланысты тұрақты тіркестер. Түрік тіліндегі фразеологизмдерде керісінше: үйрек атауымен жасалғандар басымырақ. Сонымен қатар, түрік тілінде жүрек мағынасындағы сөздің синонимі ретінде kalb ұғымы қолданылады. Қазіргі лексикалық құрам мен тілдік қорды толықтырып тұрған тұрақты тіркестердің ішінде жалпы ішкі соматикалық фразеологизмдердің өзіндік орны бар екендігіне оларды екі тілдегі ерекшеліктерін салыстыра отырыпталдау арқылы көз жеткіздік. Яғни, болашақ ұрпақ үшін адамның ішкі ағза атауларына қатысты фразеологизмдердің тарихи да, тілдік те құны артып, сапасы салмақтана түспесе, кемімейтіні айқын.

#### Қолднылған әдебиеттер тізімі

1. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 356 б.
2. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 712 б.
3. Ömer Asım Aksoy. Deyimler sözlüğü. Türk tarih kurumu basımevi – 1984. – 968 s.
4. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2010. – 244 б.